

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жүгіру жолдарын сыйнаптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 5 қарашадағы № 121 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 22-бабының 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті:**

1. Спортпен, фитнеспен, кардио жаттығуларымен және емдік дene шынықтырумен айналысу кезінде дene жаттығуларын (жұру, жүгіру) орындауға арналған, бойлай жүргүге арналған жүгіру төсемі мен электр жетектері бар жақтаудан, басқару панелі мен тұтқалары бар қатты тіреу бағанынан тұратын жүгіру жолы Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1-негізгі ережесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасының 9506 тауар позициясында сыйнапталды.

2. Жарақаттар мен оталардан кейін пациенттердің аяқтарын оналту және физиотерапия жөніндегі іс-шараларды дәрігердің бақылауымен жүргізуғе арналған, бойлай жүргүге арналған жүгіру төсемі мен электр жетектері бар жақтаудан, тірек-қымыл жүйесіне жүктемені азайту мақсатында пациентті қолдауды қамтамасыз ететін құралмен жабдықталған басқару панелі мен тұтқалары бар қатты тіреу бағанынан тұратын гравитацияға қарсы жүгіру жолы Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1-негізгі ережесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасының 9019 тауар позициясында сыйнапталады.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы  
алқасының төрағасы

Б. Сагынтаев